

«МЕНИҢ ОТАНЫМ –ҚАЗАҚСТАН» КӨРМЕСІ

Нұр-Сұлтан қаласы, М.Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназиясында қыргүйектің 6 күні мектеп кітапханасында «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында 1-11-сынып оқушыларының танымдық деңгейін көтеріп, кітап оқуға деген қызығушылығын, құштарлығын арттыру мақсатында *КӨРМЕ* ұйымдастырылды.

Бұл іс-шара мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес қолға алынған «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында және биылғы жылғы Балалар жылы аясында өткізілді.



Мұнда еліміздің үздік классикалық балаларға арналған кітаптары, қазіргі заманғы ақын-жазушылардың Отан, туған жер туралы кітаптары жинақталған. Атап айтсақ, «Азаттық аңсаған Сарыарқа», Мұхтар Мағауиннің «Қазақ тарихының әліппесі», Қайрат Айдарханұлының «Арқа төрінде», «21 ғасырдағы Алаштың ақ жолы», «Ежелгі Қазақстан», М.Мағауиннің «Қобыз сарыны», «Ұлы Шоқанның керуен жолымен», «Толғаулы тіл», «Саяси сана саңлақтары» т.б. еліміздің тарихынан, қазіргі күнінен мәлімет беретін кітаптар жинақталған.

Бұл көрменің таныстырылымы 10 Ә сынып оқушысы Өмірбек Айымның қызықты да тартымды әңгімелеуі арқылы жүзеге асты.

Көрмені мектептің 1-11-сынып оқушылары тамашалай алды. Көрме әсіресе 6-сынып оқушыларына ерекше әсер қалдырды. 6 «Ғ» сынып оқушысы Серік Жанерке, Талғат Нұрдаәулет, Тұрсынходжа Інжу т.б. оқушылар өз ойларын ортаға салып, пікірлерін білдірді.